

## Аққұлы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 75/18 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес, Аққұлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аққұлы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықта бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Аққұлы ауданы Малыбай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққұлы аудандық мәслихатының төрағасы

А. Қасымова

Аққұлы аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
26 наурыздағы № 75/18  
шешіміне 1-қосымша

## Аққұлы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

### 1- тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Аққұлы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығымен бекітілген жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік

қағидаларына сәйкес өзірленді және Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің аумағындағы ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны - ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін Малыбай ауылдық округінің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

## **2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Малыбай ауылдық округтің аумағы: Қазы, Қазантай, Малыбай ауылдарына бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардан үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Аққулы ауданының Малыбай ауылдық округтің әкімі ауылдардың ішінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізууді ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Малыбай ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдардың қатысып отырган тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылдық көшенде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аққулы ауданы Малыбай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аққулы ауданының Малыбай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ақкулы аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашиқ тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс құні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Малыбай ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының өткізілетін күні мен орны;

2) тиісті көшеде тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізімі;

4) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Ақкулы аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
26 наурыздағы № 75/18  
шешіміне 2-қосымша

**Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақкулы ауданы Малыбай ауылдық округі ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

| P/c № | Ауылдардың атаулары | Малыбай ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|-------|---------------------|---|
| 1     | Қазы ауылы          | 2   |
| 2     | Қазантай ауылы      | 2   |
| 3     | Малыбай ауылы       | 3   |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК